



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті

Center
of Excellence
Nazarbayev
Intellectual
Schools
NIS

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

директоров «Школа лидерства». Так, за три месяца в течение пяти дней погрузились в образовательную систему НИШ 16 руководителей городских и сельских школ. При этом группы формируются с учетом включения директоров с казахским и русским языками обучения, разного возраста, с разным опытом, городских и сельских школ. Такое сплочение позволяет выстраивать общение на двух языках, сопоставлять собственный опыт с опытом коллег, осмыслить эффективные практики других школ, и, конечно, вместе осмыслить возможности использования полученных знаний в своих школах.

В профессиональной поддержке педагогов мы используем потенциал Лучших педагогов. С 2023 года НАО имени И.Алтынсарина запущена Республиканская платформа «Учимся у лучших». Аналогичная платформа есть и на областном уровне.

В целом, необходимо отметить, что одним из перспективных путей профессиональной подготовки педагога должна стать апостериорная составляющая. Её реализация будет способствовать успешному формированию индивидуального педагогического опыта будущего педагога, что, в свою очередь, оптимально подготовит к будущей профессиональной деятельности.

Опыт проектирования и реализации апостериорной модели профессиональной подготовки будущих педагогов сформирован в Тольяттинском государственном университете. Изучение монографии, диалог с Руденко Ириной Викторовной, доктором педагогических наук, профессором кафедры педагогики и методик преподавания Тольяттинского государственного университета сориентировали нас на использование апостериорной модели в работе областного методического кабинета с педагогами.

В завершении отметим ряд предложений Костанайскому региональному университету по расширению форм взаимодействия. А именно:

- поддержать областной проект «Педагог в непрерывном образовании», в направлении усиления развития предметных компетенций у учеников – будущих педагогов, учитывая, что это потенциальные студенты ВУЗа;
- определить общую концепцию работы по привлечению обучающихся к выбору педагогической профессии;
- привлекать методистов областного методического кабинета, педагогов-исследователей / мастеров к семинарам со студентами по точечным актуальным вопросам. Анкетирование молодых педагогов высветило проблему недостаточности знаний по отдельным видам работы педагога.

Список литературы:

1. Об утверждении профессионального стандарта «Педагог» // Приказ и.о. Министра просвещения Республики Казахстан от 15 декабря 2022 года №500. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 19 декабря 2022 года №31149
2. Об утверждении Правил организации наставничества и требований к педагогам, осуществляющим наставничество // Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 24 апреля 2020 года № 160. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 25 апреля 2020 года № 20486.
3. Государственная программа развития образования РК на 2020–2025 гг. // [ЭР]. Режим доступа: adilet.zan.kz
4. Концепция высшего педагогического образования РК. // [ЭР]. Режим доступа: adilet.zan.kz
5. Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан. // [ЭР]. Режим доступа: adilet.zan.kz.

ӘОЖ 37.034

АҒАРТУШЫ ЖАЙЫНДА ЖАРЫҚ КӨРГЕН ЖАҢА БАСЫЛЫМДАР

*Оспанов Марғұлан Бақытбекұлы
«Қостанай облыстық Ыбырай Алтынсариннің
мемориалдық музейі» КММ басшысы
Қостанай қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа

Мақалада Ы.Алтынсарин жайында жазылған жаңа еңбектер, олардың рухани маңызы, ерекшеліктері жайында мәлімет берілген. Сонымен қатар, мақала мазмұнында бүгінгі әдебиеттерді басып шығарудағы болып жатқан өзгерістер айқындалады.

***Түйінді сөздер:** саналы тәрбие, бәсекеге қабілеттілік, заманауи туындылар, экспедициялық зерттеулер, электрондық оқулық.*

Аннотация

В статье представлена информация о новых произведениях, написанных о Ы.Алтынсарине, их духовном значении и особенностях. Кроме того, содержание статьи описывает изменения, происходящие в современном литературном полиграфии.

Ключевые слова: сознательное образование, конкурентоспособность, современные работы, экспедиционные исследования, электронный учебник.

Кейінгі уақытта Ыбырай бабамыз жайлы көп айтылып, көп жазылып жүр. Ыбырай бабамыз жайлы ең алғаш поэма жазған Қазақстанның Халық жазушысы Ғафу Қайырбеков кезінде «Ыбырай – тұңғыш ағартушы педагог, тамаша тарихшы, қазақтың алғашқы филологы, тұңғыш қазақ алфавиты мен хрестоматиясының авторы, фольклор, этнография зерттеушісі, қажымас қайраткер, қысқасы, ағарту саласындағы біздің тұңғыш университетіміз. Білім беру ісін басты нысанаға алған Ы.Алтынсарин қазақ болмысындағы рухани байлық пен салт-дәстүрден бала тәрбиесін бөліп қараған емес. Тек қазақтың ғана емес, адамзаттың Алтынсарині дерлік осынау асыл тұлғаның әлемдік деңгейде ардақталуы тиістілігінің бір дәлелі – оның мәңгі сарқылмас құндылық – білімді дәріптеуі, «Кел, балалар, оқылық!» деп, жас ұрпақты білім алуға шақыруы, біліммен қоса саналы тәрбиені насихаттауы. Олай дейтініміз, қазіргі жаһандану заманында жеке тұлғаның, елдің бәсекеге қабілеттілігі – білім деңгейімен, халық өкілдерінің тұлғалық әлеуетімен өлшенеді. Осынау өміршең мәселені өз дәуірінде көтере білген Ыбырай бабамыз туралы жаңа туындылардың жарық көруі – заман талабы.

2022 жылы жазушы Нұрдәулет Ақыштың қазақтың ұлы тұлғасы туралы «Алтынсарин алауы» атты төрт бөлімді тарихи романының 1-ші кітабы жарық көрді. Бұл көлемді шығарманың сюжеттік желісі өмірде болған оқиғалар негізінде өрбиді. Сондықтан да көркем туынды ғана емес, танымдық-деректік жағынан да оқырманның назарын аударатыны даусыз. Роман Ы.Алтынсарин туралы жазылған бұрынғы көркем шығармаларды қайталамай, тың мағлұмат ұсынуымен ерекше. Бұл жаңа романның бас қаһарманы – қазақ халқының ағарту ісінде тұңғыш түрен салған ұлы ұстаз, жан-жақты талант иесі Ы.Алтынсарин. Бұрын-соңды айтылмай келген көптеген өмірбаяндық деректер мен ұлы тұлғаның төңірегіндегі түрлі сипаттағы талас-тартыстар романның көркемдік салмағын арттыра түседі. Қаһарманның күрделі өмір жолын қызықты оқиғалар арқылы суреттей отырып, шығарма авторы тарихи шындықтан мүмкіндігінше алыстамауға тырысқан.

Бұл романға қазақтың белгілі ақыны, ыбырайтанушы Серікбай Оспанұлы пікір жазды.

Сонымен қатар, Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин туралы «Алматы-кітап» баспасынан шыққан кітап «Даланың таза бұлағы» деп аталады. Қазақтың аса көрнекті ағартушы педагогы Ы. Алтынсариннің туып өскен өлкесі мен қажырлық қызметі жайында оқырманға жаңаша сыр шертер туынды еліміздегі ірі баспалардың бірі «Алматыкітап» баспасынан ең танымал «Менің Қазақстаным» сериясы бойынша жарық көрді. Кітап көп жылдық мұрағаттық, экспедициялық зерттеулер материалдарына негізделіп жазылып, Қытайдан 5000 данамен шықты. Экспедициялық топ Ыбырайдың ізімен Ресей және Қазақстан аумағындағы мұражайларды зерттеп, жеті мың шаршы шақырым жерді шарлап, көптеген құнды эксклюзивті фотосуреттер мен видео деректерге қол жеткізді. Бұлардың бәрі кітап бетінде оқырман назарына ұсынылып отыр. Сонымен қатар, кітап ішінде орналастырылған QR код көмегімен деректі фильм, сондай-ақ, аудио иллюстрация ретінде танысуға, Ы.Алтынсарин әлемімен кеңірек танысуға мүмкіндік берілген. Екі тілде жарық көріп отырған кітаптың авторлары: Марғұлан Оспанов, Салтанат Өтелбаева. Кітапқа алғысөз жазған ақын, жазушы, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ профессоры, халықаралық шығармашылық Академиясының корреспондент-мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисті Ақылбек Шаяхмет. Кітапта Ыбырай Алтынсарин балалық шағы, өскен ортасы, білім алған және қызмет істеген жылдары, шығармашылығы мен педагогикалық қызметі туралы деректер, оның ата-баба шежіресі топтастырылған. Сонымен қатар, Ыбырайдың атасы Балқожа би туралы деректер, оны Шоқай бидің және Сегіз серінің жоқтауы, Балқожа бидің кейін табылған суреті берілген. «Алматыкітап» ЖШС басшылығы ұлт пен ұрпақ жанашыры ретінде танылған тұлғаны жаңа қырынан тануға бағытталған бұл кітаптағы тың деректер мектеп бағдарламасына да енгізілетінін атап өтті.

Алматыкітап баспасы «Даланың таза бұлағы» кітабының электрондық нұсқасын «TopIQ.kz» білім беру платформасына енгізді. Жарыққа шыққанына аз уақыт болса да, ұлы ұстаз жайлы кітап Алматы қаласында өткен «Ұлы Жібек жолымен-2022» халықаралық көрмесі аясында «Жылдың үздік кітабы» номинациясы бойынша Гран-приді иеленді.

Бабамыз жайында жазылған еңбектер кейінгі ұрпақтар үшін рухани-мәдени мұра, Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қызметінің айнасы іспеттес баға жетпес құндылықтар десе болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин алауы. (Төрт бөлімді тарихи роман). 1-2 бөлімдер. Нұрдәулет Ақыш. Көкшетау «Надежда 2050» баспасы 2021. 399 б.
2. Даланың таза бұлағы: / М.Оспанов, С.Өтелбаева // Алматы: «Алматы кітап» баспасы, 2022. 215 б.
3. Әсіпов С. Ұлы ұстаз. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. Алматы: «Жазушы», 1991 ж.